

"Кенді, кенсіз және ұсақ тау жынысты кен орындарын жер асты тәсілімен игеру үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 2207 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Кенді, кенсіз және ұсақ тау жынысты кен орындарын жер асты тәсілімен игеру үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 2207 қаулысымен
бекітілген

"Кенді, кенсіз және ұсақ тау жынысты кен орындарын жер асты тәсілімен игеру үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

1. Қолданылу саласы

1. Осы "Кенді, кенсіз және ұсақ тау жынысты кен орындарын жер асты тәсілімен игеру үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық регламент) пайдалы қазбалардың кенді,

кенсіз және ұсақ тау жынысты кен орындарын жер асты тәсілімен игерумен байланысты өндірістік үдерістердің қауіпсіздігіне қойылатын ең төменгі талаптарды белгілейді.

2. Пайдалы қазбаларды жер асты тәсілмен қазу тау-кен бөлу шеңберінде тау-кен қазындысын ашуды, қазуға дайындауды, өндіру мен тасымалдауды қамтиды. Жол берілмеуге тиіс негізгі қауіпті факторлар (көтерлер):

- 1) жыныстардың құлауы мен тау-кен соққылары;
- 2) кеніш атмосферасының ластануы;
- 3) су және газ жарылу қаупі;
- 4) жарылыс-өрт қауіптілігі болып табылады.

3. Техникалық регламент жанғыш пайдалы қазбаларды, радиациялық қауіпті өндірістерді қазу үдерістеріне, оның ішінде жер асты сілтілеу кезінде, жер қойнауын қорғауға қолданылмайды.

2. Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Техникалық регламентте өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы және техникалық реттеу саласындағы заңнамада белгіленген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

1) желдету ағысын реверстеу - тау-кен қазбаларында ауа қозғалысының бағытын кері (қарама-қайшы) бағытқа жасанды түрде өзгерту;

2) жер асты тау-кен қазбалары - жер бетіне шығу жолының бар-жоғына қарамастан, тау-кен жұмыстарын жүргізу нәтижесінде құрылған жер қойнауындағы құрылыстар;

3) кенжар - пайдалы қазбаны немесе тау-кен жыныстарын қазу объектісі болып табылатын, олардың кеңістікте орналасатын қабаты;

4) кеніш ауасы - қазба бойымен қозғалыс кезінде өзінің құрамында әр түрлі өзгерісте болатын, атмосфералық ауаның кен қазбаларын толтыратын газдармен және булармен қоспасы;

5) қауға - шахта оқпандары мен шыңырауларды ұңғылау кезінде қолданылатын көтергіш ыдыс;

6) өндіру - жер қойнауынан пайдалы қазбаларды шығару жөніндегі өндірістік үдерістер кешені;

7) тау-кен жыныстарының құлауы - қабаттарды бұза және қазындыдан жекелеген кесектер мен үйінділерді бөле отырып жыныстардың сырғуы;

8) тау-кен қазбаларын желдету - барлық қолданыстағы тау-кен қазындыларында атмосфераны сапалы құрамы бойынша тиісті тазалық күйінде тұрақты ұстау;

9) тау-кен соққысы - кентіректің немесе қазындының бүйірлік бөлігінің жер асты қазбасына кен (жыныс) лақтырындысы түрінде байқалатын лезде морт бұзылуы.

3. Кен орындарын ашу және дайындау кезінде қауіпсіздікке қойылатын талаптар

5. Пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру кезінде жер асты тау-кен жұмыстары технологиялық үдерістерді, техникалық құрылғылар мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін материалдарды қолдануды қарастыруы, жоспарланатын қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауды қамтуы тиіс жоба негізінде жүзеге асырылады.

6. Пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және пайдалануға дайындау жөніндегі жұмыстар игеру жүйесінің топографиялық, геологиялық, гидрогеологиялық, тау-кен техникалық жағдайларын ескере отырып жүргізілуі тиіс.

7. Тоннель (штольня) порталындағы немесе салынып жатқан кеніштердің (шахтаның) оқпанындағы алаң жоспарланған болуы, көлік пен құрылыс машиналарының қозғалысы кіреберіс жолдары, адамдарға арналған қауіпсіз өту жолдары болуы тиіс.

8. Қазбада су, қорыстар мен газдар жарылуға қатысты қауіпті учаскелерде тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде кемінде 10 м тұрақты түрде алға жылжыта отырып, алдыңғы қатардағы барлау ұңғымаларын бұрғылау жүргізілуі тиіс.

9. Тік және көлбеу оқпандардың, шыңыраулар мен штольнялардың сағалары тау-кен қазбаларына жер бетіндегі сулардың өту мүмкіндігін болдырмайтындай етіп орналастырылуы және жабдықталуы тиіс.

10. Әрбір жұмыс істеп тұрған кеніште (шахтада) адамдардың әр көкжиектен жер бетіне тікелей шығып өтуін (шығуын) қамтамасыз ететін және әр түрлі бағыттағы желдету ағындары бар кемінде екі дербес шығу жолы қарастырылуы тиіс. Кеніштің (шахтаның) әрбір көкжиегі адамдарды тасымалдау (жүріп-тұруы) үшін лайықталған, жоғары орналасқан (төмен орналасқан) көкжиекке немесе жер бетіне шығатын кемінде екі дербес шығу жолымен жабдықталады.

11. Тау-кен қазбаларын жүргізу, бекіту және жөндеу ұйымның техникалық басшысы бекіткен паспорттарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

12. Адамдар үшін еркін жүріп-тұру жолы тұтас тау-кен қазбасының бойымен қамтамасыз етіледі. Жүктерді ауыстырылатын және адамдар жүріп-тұратын көлбеу қазбаларда адамдардың қауіпсіз жүріп-тұруына арналған бөлімшелері болуы тиіс.

13. Қазбалардың барлық түйіскен жерлері мен сағалары жыныстардың орнықтылығына қарамастан бекітіледі. Жасанды түрде ұстауды тиіс ететін жыныстарда көлденең және көлбеу қазуды жүргізу кезінде тұрақты бекіткішті орнатқанға дейін уақытша бекіткіш қолданылуы тиіс.

14. Биіктігі 4 м астам қазбаларда жыныстарды шабақтау және кенжарларды тексеру үшін шабақтау жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ететін жылжымалы табандар немесе өздігінен жүретін агрегаттар қолданылуы тиіс.

15. Көтергіш қондырғылармен жабдықталған, қолданыстағы және ұңғыланып жатқан тік және көлбеу қазбалардың сағалары қоршалуы тиіс. Желдеткіш өрлемелердің сағалары жабылуы тиіс.

16. Геологиялық бұзылу аймақтарында, ықтимал су жарылу учаскелерінде қазбаларды ұңғылау қосымша қауіпсіздік шараларын сақтай отырып жүргізілуі тиіс.

17. Шахта оқпандарын ұңғылау, тереңдетіп қазу, әбзелдеу және бекіту бойынша жұмыстар жоба бойынша жүргізілуі тиіс. Кеніштердің (шахталардың) оқпандары оларды толық ұңғылау уақыты ішінде тұтастай тереңдікте желдетілуі тиіс.

4. Өндіру жұмыстары кезінде қауіпсіздікке қойылатын талаптар

18. Жобалау ұйымдарымен өндіру жұмыстарының жүйелерін таңдау жұмыстардың, үдерістерді механикаландыру мен автоматтандыру қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, пайдалы қазбаларды қазу кезінде шығындарды төмендетуді ескере отырып жүргізілуі тиіс.

19. Өндіру жұмыстарын жүргізу мынадай паспорттарға сәйкес жүзеге асырылады: қазылатын учаскенің, жер асты қазбаларын жүргізу және бекіту; бұрғылап жару жұмыстары; жұмыс аймақтарын немесе учаскелерін желдету.

20. Екі аралас қабатта құлауы бойынша бір-бірінің үстінен орналасқан блоктарды бір мезгілде өндеуге тыйым салынады.

Жоғарғы қабаттың тазалау кенжарын жобамен белгіленген аралықта төменгі қабатқа қарай босатқан жағдайда өндіру жұмыстарын аралас қабаттарда бір мезгілде жүргізуге болады.

21. Бүйірлік жыныстар мен жабындарды бұза отырып өндіру кезінде жабынды бұзу паспортта белгіленген адымнан жоғары кешіктірілген жағдайда мәжбүрлі түрде бұзу қолданылады.

22. Жапсарлас жыныстарда қорыстар, кеппеген құм, сазды топырақтар және су немесе газ толған қабаттар болған жағдайда кен мен түсетін жыныстарды бұза отырып қазу жүйесін қолдануға тыйым салынады.

23. Иілгіш төсем салбыраған немесе оны бұзу кешіктірілген кезде, сондай-ақ жабынды жыныстар қозғалған және бұзылған уақытта қабатты қазу бойынша өндіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

24. Камералық, панелді-бағаналы қазу жүйелерінде кентіректер мен камералардың шүлдіктерінің сәйкестігі өсуі бойынша сақталуы тиіс. Кентіректер мен камералардың шүлдіктерінің сәйкестігін сақтау мүмкін болмаған жағдайда, олардың арасында ені жобамен анықталатын таспалы кентірек салынады.

25. Қазылған кеңістіктің жай-күйін басқару (қалау, бұзу, қатты және икемді кентіректерді салу) таңдап алынған қазу жүйесіне байланысты жобамен анықталады.

26. Мыналарға:

1) камерааралық кентіректерді аралас камераларға кен (жыныс) төселмеген немесе толтырылмаған кезде тау-кен қазбаларын жүргізуді тиіс ететін жүйелермен қазып алуға;

2) кентіректі қазып алуға дайындау үшін немесе олармен аралас камераларды қазып алу үшін кентіректердің тұрақтылығын бұзатын қазбамен жүруге;

3) камера толтырылмаған және екі қабаттан астам толтырылған камераларда кентіректерді бір қабаттан астам биіктікте қалдыруға тыйым салынады.

27. Кентіректерді жаппай бұзған кезде ауа соққысының қауіпті салдарын болдырмайтын шаралар қолданылуы тиіс.

Кентіректерді бұзу кезінде немесе сол учаскеде оларды толықтай бұзбаған кезде тау-кен қазындысын салуды кешіктіргенде кедергіні жойғанға дейін өзге жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

28. Камералы-бағаналы қазу жүйесінде қазылған камераларда кентіректері алып шығу жобаға сәйкес жүргізілуі тиіс.

29. Майдалау кезінде жарылыс қаупі бар тозаң түзетін материалдарды ұсақтау оның жарылуын болдырмайтын іс-шараларды орындай отырып жүргізілуі тиіс.

5. Тау-кен соққылары бойынша бейім және қауіпті кен орындарын игеру кезінде қауіпсіздікке қойылатын талаптар

30. Тау-кен соққылары бойынша бейім және қауіпті кеніштерді (шахталарды) жобалау, салу және пайдалану кезінде мынадай талаптар сақталады:

1) кеніш (шахта) оқпандарының оқпан қабырғалары арасында кемінде 50 м қашықтықта ірі геологиялық бұзылушылықтардың әсер ету аймағынан тыс орналасуы;

2) икемді бекіткіштерді, берік, распорлы немесе қоршау түріндегі бекіткіштерді, құрастырмалы бекіткіштерді, икемді элементтері бар штанга бекіткіштерді қолдану;

3) қазбаға көлденең қималы полигонды (тұрақты) пішін беру;

4) жүк түсіру саңылаулары мен ұңғымаларын бұрғылау, камуфлетті немесе контурлық жару арқылы саңылаулар жасау;

5) тау-кен соққыларының алдын алудың технологиялық үдерістері мен тәсілдерін уақыт пен кеңістікте регламенттеу;

6) негізгі қысым аймағында тазалау жұмыстарынан қазба жұмыстарын жүргізуді шектеу;

7) қазба жолдарындағы соққы қауіптілігін болжауды және соққыға қарсы іс-шаралардың тиімділігін бақылауды жүзеге асыру;

8) қазылмаған қазындының ең жоғарғы көлденең кернеуі жұмыс істеп тұрған бағытта негізгі көлденең және көлбеу қазбаларды бағыттау;

9) кен қыртысында тазалау жұмыстарынан негізгі қысымның аймағынан тыс дайындық қазбаларын жүргізу;

10) кенжарлар арасындағы қашықтық бір кенжарда 15 м болғанда екінші кенжар тоқтатылып, екі қазбаны түйістіруді жүзеге асыру;

11) қазбаларды тікелей немесе оған бұрышы жағынан жақын қиылыстыруды жүзеге асыру.

31. Тау-кен соққылары бойынша бейім және қауіпті кеніштерде (шахталарда) тау-кен жұмыстарын жоспарлау кезінде тау-кен соққыларын болжау және алдын алу жұмыстары қарастырылады.

32. Қазылған кеңістікті бекіте отырып, ірі кен қыртыстарын қабаттап қазу жүйесінде кен сілемі жабынының (топырақтың) қорғағыш қабатын алдын ала өңдеу немесе қазындыларды тиімділігі міндетті түрде бағаланған үлкен диаметрлі ұзындығы 15 м аспайтын ұңғымалармен түсіру жүзеге асырылады.

33. Қуаты орташа тік құламалы кен сілемдерін қазу кезінде ара қабаттарды жоғарыдан төмен қарай тәртіпте өңдеп, қазылған кеңістікті қататын қоспамен, сыртқы кен бөлігімен бекітіп, қабат сайын бұзу немесе ара қабат қуақаздары (қияқаздары) жүйесін қолданған жөн.

34. Жайпақ және көлбеу кен қыртыстарын қазу, көбінесе, соққы шығу қаупінде пішінді кентіректерді қалдырмай, қазылған кеңістікті бекіту немесе бұзу жүйесімен жүзеге асырылады.

35. Ерекше күрделі тау-кен геологиялық жағдайларда (ауқымды тектоникалық бұзылу және қазба тереңдігі, соңғы үлгідегі тектоникалық қозғалыстар және аудандардың жоғары сейсмикалық белсенділігі) динамикалық құбырлар бойынша қауіпті аймақтарды үздіксіз анықтау үшін сейсмостанциялар құрылуы қажет.

36. Кен қыртысындағы дайындық қазбалары тазалау жұмыстарынан болатын негізгі қысым аймағынан тыс жүргізіледі. Тазалау жұмыстары фронтынан бастап шекті қашықтық жобамен анықталады.

37. Жақын орналасқан кен қыртыстарын қазу кезінде ең алдымен қауіпті емес немесе қауіптілігі аз кен қыртыстары қазылады.

Тау-кен соққылары бойынша қауіпті кен орындарында жұмыстар қорғалған аймақ шегінде жүргізіледі.

38. Қабат арасын бұзу жүйесін қолдану кезінде флангілерге қарай сілем ортасынан немесе бір флангіден басқасына ортақ фронтпен тазалау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін алаңдағы дайындықты қолданған жөн.

6. Тау-кен қазындысын тасымалдау кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын талаптар

1. Локомотивпен тасу

35. Ерекше күрделі тау-кен геологиялық жағдайларда (ауқымды тектоникалық бұзылу және қазба тереңдігі, соңғы үлгідегі тектоникалық қозғалыстар және аудандардың жоғары сейсмикалық белсенділігі) динамикалық құбырлар бойынша қауіпті аймақтарды үздіксіз анықтау үшін сейсмостанциялар құрылуы қажет.

36. Кен қыртысындағы дайындық қазбалары тазалау жұмыстарынан болатын негізгі қысым аймағынан тыс жүргізіледі. Тазалау жұмыстары фронтынан бастап шекті қашықтық жобамен анықталады.

37. Жақын орналасқан кен қыртыстарын қазу кезінде ең алдымен қауіпті емес немесе қауіптілігі аз кен қыртыстары қазылады.

Тау-кен соққылары бойынша қауіпті кен орындарында жұмыстар қорғалған аймақ шегінде жүргізіледі.

38. Қабат арасын бұзу жүйесін қолдану кезінде флангілерге қарай сілем ортасынан немесе бір флангіден басқасына ортақ фронтпен тазалау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін алаңдағы дайындықты қолданған жөн.

6. Тау-кен қазындысын тасымалдау кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын талаптар

1. Локомотивпен тасу

39. Әрбір кеніште (шахтада) барлық қазба бойымен тасымалдау түрлері, тасымалдау жолдарының ұзындығы, айрықтар мен олардың сыйымдылықтары, адамдарды отырғызу (түсіру) орындары көрсетілетін техникалық басшы бекіткен негізгі тасымалдау жолдарының схемасы болуы тиіс.

40. Локомотивтермен тасымалданатын көлденең қазбаларда 0,005 промилледен аспайтын ылди болуы тиіс. Қазба ылдиы 0,005-тен 0,05 промиллеге дейін локомотивпен тасымалдау арнайы жоба бойынша жүзеге асырылуы тиіс. 0,05 промилледен астам ылдиларда локомотивпен тасымалдауға тыйым салынады.

41. Құрамның тежегіш жолы ең жоғарғы ылдимен жүктерді тасымалдау кезінде 80 м, адамдарды тасымалдау кезінде 40 м аспауы тиіс.

42. Қозғалыс уақытында локомотив құрамның басында болуы тиіс. Локомотивтің қозғалыс жылдамдығы 2 м/с аспаған кезде ұзындығы 300 м аспайтын учаскеде орындалған маневрлік операция кезінде ғана құрамның соңында болуына рұқсат беріледі.

43. Көкжиекте екі және одан астам локомотив бір мезгілде жұмыс істеген кезде екі жарық беретін дабыл қолданылуы тиіс.

Тек бір жол учаскесінде тасу локомотивін басқа тасу түрімен қатар атқаруға, сондай-ақ тасуды аккумуляторлық және байластырушы электровоздармен қатар атқаруға тыйым салынады.

44. Тұрақты тиеу бекеттерінде және аударғыштардың жанында итергіштер қолданылуы тиіс. Итергіштерді басқару оймаларда немесе қызмет көрсетуші персонал үшін қауіпсіз басқа да орындарда орналасқан бекеттерде аударғыш пен итергішті бір мезгілде іске қосуға кедергі келтіретін бұғаттағыш болған кезде жүзеге асырылуы тиіс.

45. Тасу жолдарының бағыт ауыстырғыштарының механикалық және қол жетектері адамдар өтетін жол жақтан кемінде 0,7 м еркін жүріп-тұру қамтамасыз етілетіндей етіп орнатылуы тиіс. Қазбаның ені жеткіліксіз болған кезде бағыт ауыстырғыштың жетектері оймаларда орнатылуы тиіс.

Оқпан жанындағы аулалар мен басты тасымалдау қазбаларының қиылыстарындағы бағыт ауыстырғыштардың қозғалатын электровоздың кабинасынан қашықтықтан басқаратыны болуы тиіс.

46. Байланыстырушы желі адамдардың электр тогымен зақымданудан қорғайтын аппаратурамен жабдықталуы тиіс. Адамдардың жүріп-тұратын учаскелерінде өнеркәсіп алаңының аумағындағы отырғызу орнына дейін байланыстырушы сым аспасының биіктігі кемінде 2,2 м болуы тиіс.

Жұмысшылар ауысымын түсіру және көтеру уақытында байланыстырушы сым оқпаннан бастап отырғызу бекетіне дейін оқпан жанындағы алаңда орналасқан учаскеде ажыратылуы тиіс.

47. Байланыстырушы желі ажыратқыштармен секцияға бөлінуі кажет, олардың арасындағы қашықтық 500 м аспауы тиіс. Секциялық ажыратқыштар байланыстырушы жетектің барлық тармақтарында да орнатылуы тиіс.

Байланыстырушы желіні бірнеше шағын станциядан қоректендіру кезінде бөлек шағын станциядан қоректендірілетін әрбір учаске басқаларынан оқшаулануы тиіс.

48. Байланыстырушы жетектің арқандармен, кәбілдермен, құбырлармен және басқаларымен қиылысу орындары кеніштің (шахтаның) техникалық басшысы бекіткен сызба бойынша орындалуы тиіс.

49. Ұзын материалдар мен жабдықтарды құрамдармен жеткізу кезінде өзара қатты тіркемемен тіркелген осы мақсатқа арналған вагоншаларды немесе платформаларды қолдану қажет.

50. Көлбеу қазбалармен тасымалдау кезінде вагоншалардың төменгі және аралық қабылдау алаңдарына арқанды, тіркеме құрылғыны немесе тіркемені үзу кезінде сырғуына кедергі келтіретін бұйымдар көзделуі тиіс.

Төменгі қабылдау алаңдарынан жоғары автоматты немесе қашықтықтан басқарылатын амортизатор құрылғыларымен жабдықталған сақтандыру тосқауылдары орнатылуы тиіс.

Қазбалардың көлденең учаскелерінің төменгі және аралық қабылдау алаңдарында жұмысшылардың жасырынуы және басқару мен байланыс пульттерін орнату үшін оймалар орнатылуы тиіс.

51. Шексіз және ақырғы арқандармен тасымалдау кезінде вагоншалардың тіркемеден өздігінен ажырауына жол бермейтін тіркеме және тіркеу құрылғылары қолдануы тиіс.

2. Конвейерлік көлік

52. Таспалы конвейерлер:

- 1) іске қосу алдындағы дабылмен;
- 2) таспа оның енінен 10 %-дан астам шығып кеткен кезде конвейердің жетегін сөндіретін таспаның бүйірінен шығып тұратын бергіштермен;
- 3) шамадан тыс жүктеме орындарында шаң басатын құралдармен;
- 4) таспалар мен барабандарды тазалайтын құралдармен;
- 5) таспаның жылдамдығын бастапқы (жылжымайтын) жылдамдығын 75 %-ға төмендету кезінде конвейерді сөндіруді қамтамасыз ететін қорғау құралдарымен;
- 6) конвейерді оның ұзындығы бойынша кез келген нүктеден сөндіруге арналған қондырғымен;
- 7) конвейердің қашықтықтан басқару пультінен іске қосылуын болдырмайтын бұғаттағышпен;
- 8) тежеуіш қондырғылармен (көлбеу бұрышы 6° астам конвейерлер үшін) жабдықталуы тиіс.

53. Тез жанбайтын таспалармен жарақталған конвейер желілері жетек станцияларында автоматты өрт сөндіру құралдарымен және дабылмен қамтамасыз етілуі тиіс. Тез жанбайтын таспалармен жарақталған магистральды және учаскелік конвейерлер автоматты өрт сөндіру жүйелерімен жабдықталуы тиіс.

54. Таспалардың төзімділік қоры асу кезінде:

1) конвейердің көлбеу бұрышы 10° дейін - резеңке матадан жасалған таспалар үшін кемінде 9,5 және резеңке сымнан жасалған таспалар үшін кемінде 8;

2) конвейердің көлбеу бұрышы 10° -тан астам - резеңке матадан жасалған таспалар үшін кемінде 10 және резеңке сымнан жасалған таспалар үшін кемінде 9,5 м болуы тиіс.

55. Қазбаларды кесіп өтетін орындарды конвейермен өту үшін тиейтін және түсіретін қондырғыларда әрбір 200 м сайын конвейердің ұзындығымен ауыспалы көпіршелер орнатылады.

3. Өздігінен жүретін жабдық

56. Іштен жанатын қозғалтқыштары бар өздігінен жүретін машина:

1) машинистің көз алдында болатын және машинаның жүру жылдамдығын көрсететін аспаппен;

2) дыбысты сигнал берумен;

3) мото сағатты немесе жүріп өту жолын километрмен көрсететін есептеуішпен;

4) жарық түсіргіш аспаптармен: фаралармен, ені бойынша ірі сигналдармен, тежеу кезінде қосылатын артқы тоқтату сигналымен жабдықталуы тиіс.

57. Іштен жанатын қозғалтқыштары бар машиналар мен жабдық қалыпты кеніш күйіндегі, газ бен тозаң қауіпті кеніштерде (шахталарда) жарылыстан қорғалатын кеніш күйіндегі электр жабдығымен жинақталуы тиіс.

Газ бен тозаң қауіпті кеніштерде (шахталарда) тұтандыру жүйелерімен жабдықталған қозғалтқыштарды пайдалануға тыйым салынады.

58. Газ бен тозаң қауіпті кеніштерде (шахталарда) іштен жанатын қозғалтқыштың едәуір қызатын бөлігінің жоғарғы жағындағы температурасы 150°C -тан, ал кеніштің атмосферасына тазалап, суытқаннан кейін пайдаланылған газдардың температурасы 70°C -тан аспауы тиіс. Гидро арқылы берілетін жұмыс істеп тұрған сұйықтықтың температурасы 85°C -тан, суыту жүйесіндегі су - 95°C -тан, мотордағы май - 115°C -тан аспауы тиіс.

59. Іштен жанатын қозғалтқыштары бар машиналар пайдаланылған газдарды екі сатылы тазалау (каталитикалық және сұйықтық) жүйесімен жабдыкталуы тиіс.

Зиянды газдардың құрамы шекті рұқсат қосылымынан артық болатын пайдаланылған газдарда машиналарды пайдалануға тыйым салынады. Пайдаланылған газдарды талдау жер асты жағдайында қозғалтқышты пайдаланар алдында, әрбір жөндеуден, қозғағышты реттегеннен немесе жұмыстағы ұзақ үзілістен кейін (екі аптадан астам) және жаңа маркалы отын құйған кезде жүргізілуі тиіс.

60. Газдардың шығу жолы пайдаланылған газдардың машинистің кабинасына кіру мүмкіндігін болдырмайтындай етіп орналастырылуы тиіс.

Іштен жанатын қозғалтқыштары бар машиналардың соратын және шығаратын жүйелері от сөндіргіш қондырғылармен жинақталуы тиіс.

61. Машинистің кабинасында қозғалтқышты майлау жүйесіндегі майдың температурасын, гидравликалық берілістегі жұмыс сұйықтығын, қозғағыштың суыту жүйесін және кеніш атмосферасына шығатын газдардың температурасын бақылайтын аспаптар орнатылуы тиіс.

62. Өздігінен жүретін көлік құралдары мен іштен жанатын қозғалтқыштармен жарақтандырылған тұрақты қондырғылардың электр жабдығының шамадан тыс жүктемеден және қысқа тұйықталудан қорғайтын қорғағыштары болуы тиіс.

63. Өздігінен жүретін көлік құралдары адамдар мен жабдықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жылдамдықта қазба бойымен қозғалуы тиіс.

4. Қауғамен көтеру және лифт көтергіштер

64. Жүктерді қауғамен түсіріп-көтеру кезінде:

1) қауғалар бағыт бойынша қозғалуы тиіс; кенжардан 20 м аспайтын қашықтықта бағыттаушысыз қауғаның қозғалуына рұқсат беріледі. Ұңғымада ұңғыма агрегаттарының (тиейтін машиналар, грейферлер) тік қазбаларын пайдалану кезінде бұл қашықтық 40 м дейін артады;

2) бір жұмысшының сақтандырғыш құбырлар мен (немесе) ұңғымалық сөрелер арқылы қауға мен жүктерді өткізу және ұңғымалық сөрелерде қауғаны жүгімен қабылдау бойынша операцияларды бір мезгілде орындауына тыйым салынады.

65. Ұңғымалық қос қауғамен көтеру кезінде орташа бағыттаушы арқандар арасындағы саңылау кемінде 300 мм болуы тиіс.

Оқпан тереңдігі 400 м артық болған кезде шой арқандар немесе қауғалардың қақтығысу мүмкіндігінің алдын алатын басқа да қондырғылар орнатылуы тиіс.

66. Кеніш (шахта) оқпандарын жыныс тиеу машиналарын пайдалана отырып ұңғылау кезінде сөре-каретканың төменгі қабатында келте құбырдың ойығы арқылы өтуі кезінде қауғалар мен жүктердің қақтығысу мүмкіндігін болдырмайтын шаралар қолданылуы тиіс.

67. Лифт көтергіштің кабинасында телефон немесе кеніштің (шахтаның) диспетчерімен және машина бөлімшесімен (ол болған жағдайда) басқа да екі жақты байланыс, ал жүк көтеретін лифт көтергішті пайдалану кезінде - қабылдайтын алаңдармен байланыс орнатылуы тиіс.

68. Лифт көтергіштердің кабиналарында адамдар мен жүкті бір мезгілде тасымалдауға тыйым салынады.

69. Лифт көтергіштерінің кабинасы отқа төзімді материалдан жасалуы тиіс. Кабинаның төбесінде адамдарды көшіру үшін сатысы бар лаз жабдықталуы тиіс.

70. Лифт көтергіш оқпанының барлық көкжиектерде қазбаның биіктігі бойымен металдан жасалған қоршауы болуы тиіс.

7. Жер асты қазбаларын желдету кезінде қауіпсіздікке қойылатын талаптар

71. Кеніштер (шахталардың) тау-кен қазбаларын желдету жер бетінде орналасқан үздіксіз әсер ететін негізгі және қосалқы желдету қондырғыларының және сағалары мықтап бекітілген оқпандардың, штольнялардың көмегімен жобаға сәйкес жүргізілуі тиіс.

72. Желдететін негізгі желдеткіш қондырғылар қазбаға келіп түсетін желдету ағынының бағытын өзгертуді қамтамасыз етуі тиіс.

73. Желдету тәртібі жобамен анықталған жағдайда мұндай қазбаларды ұңғылау жағдайларынан басқа, белгілі бір оқпан немесе штольня бойымен таза ағынды беруге және шығатын ағынды беруге тыйым салынады.

74. Қолданыстағы жер асты қазбаларында оттегі құрамы 20 %-дан (көлемі бойынша) кем емес, көміртегі газының құрамы жұмыс орындарында 0,5 %-дан және шахтаның ортақ негізгі ағысы бар қазбаларда 0,75 %-дан аспауы тиіс.

75. Қазбалардағы ауада мынадай шекті рұқсат қосылымынан артық улы газдар болмауы тиіс: көміртегі тотығы (20 мг/м^3) көлемі бойынша (CO) 0,0016 %, азот тотығы (NO_2) 0,0025 % (5 мг/м^3), күкірт газы (SO_2) 0,00035 % (10 мг/м^3), күкірт сутегі (H_2S) 0,00066 % (10 мг/м^3), акролеин (CH_2) 0,7 мг/м^3 , формальдегид (CH_2O) 0,5 мг/м^3 , күкірт сутегі 300 мг/м^3 , металл сынап (H_7) 0,01 мг/м^3 .

76. Қазбаларды желдету үшін тиісті ауа мөлшері жобамен көзделуі және мынадай: ауысымда шахтадағы адамдардың ең көп саны бойынша; көмір қышқыл құрамы бойынша; улы және жарылу қаупі бар газдар бойынша; тозаңның бар-жоғы бойынша, жарылыс жұмыстарынан болатын газдар бойынша; іштен жанатын қозғалтқышы бар жабдыктан пайдаланылған газдардың зиянды құрамдас бөліктері бойынша; ауа қозғалысының ең төменгі жылдамдығы бойынша есептелуі тиіс. Есепке жоғарыда көрсетілген факторлардың біреуі бойынша алынған ауаның ең жоғарғы мөлшері алынады.

77. Ауа ағысы қозғалысының жылдамдығы өндіру кенжарларында 0,5 м/с кем емес, дайындайтын және ұңғымада кесетін қазбаларда 0,25 м/с төмен болмауы тиіс. Силикоз қаупі бар шахталарда ауа жылдамдығы тозаң шығаруды қамтамасыз ету үшін барлық кенжарлардағы ауа жылдамдығы 0,5 м/с кем болмауы тиіс.

Шахта қазбаларында ауа ағысы қозғалысының жылдамдығы мынадай нормалардан:

өндіру және ұңғылау қазбаларында 4 м/с;

квершлагтарда, желдету және басты тасымалдау, күрделі бремсбергтер мен ылдиларда 8 м/с;

әуе көпірлері мен негізгі желдету қазбаларында 10 м/с;

адамдар мен жүктерді түсіру және көтеру көзделген шахталардың оқпандарында 8 м/с;

шахталардың жүк оқпандарында 12 м/с;

көтергіштермен және желдету камераларымен жабдықталған желдету оқпандарында 15 м/с;

жүріс бөлімшелері жоқ желдету ұңғымалары мен өрлемелерде шектеусіз;

қалған қазбаларда 6 м/с аспауы тиіс.

78. Ұңғылау қазбаларының кенжарлары жалпы шахталық депрессияның есебінен немесе жергілікті желдету желдеткіштерімен желдетілуі тиіс. Көлденең қазбаларда кенжар бойынан желдету құбырларының артта қалуы 10 м, ал тік (өрлеме) қазбаларда 6 м аспауы тиіс.

79. Дайындайтын кенжарларда жергілікті желдету желдеткішінің қондырғысы бастапты ағыстан кемінде 10 м қашықтықта таза ауа ағынында болуы тиіс.

Жергілікті желдету желдеткішінің өнімділігі оған берілетін ауа мөлшерінің 70 %-дан аспауы тиіс.

80. Шахталарда берілетін таза ауаның температурасы +26 °C аспауы, қысқы жағдайларда +2 °C төмен болмауы тиіс.

81. Шахтаға берілетін ауаның тозаңдануы $0,6 \text{ мг/м}^3$ аспауы тиіс. Қолданыстағы және салынып жатқан шахталарда тозаң түзілетін барлық орындарда кен ауасының тозаңдануын қолайлы шамаға дейін төмендету бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуы тиіс.

82. Бір-бірімен жер асты қазбаларымен қосылған аралас шахталар төзімді бөгеттермен оқшаулануы тиіс немесе әрбір шахтаның барлық қазбасы ортақ желдету жүйесіне қосылуы тиіс.

83. Метан, сутегі немесе күкірт сутегі анықталған шахталар газ режиміне ауысуы тиіс.

8. Су төгу кезінде қауіпсіздікке қойылатын талаптар және су мен газ жарылуының алдын алу

84. Әрбір кеніш, шахта үшін жобада сутөкпе құралдары мен тәсілдері көзделуі тиіс.

Сутөкпе қондырғыларының жұмыс сорғысының өнімділігі 20 сағаттан аспайтын қалыпты тәуліктік ағысты тасымалдауды қамтамасыз етуі тиіс.

85. Жер асты жұмыстарын жүргізу кезінде жүйелі түрде, бірақ 6 айдан кешіктірілмей су ағысын өлшеу және оны толық химиялық талау жүргізілуі тиіс. Көрсетілген өлшеу жүргізулердің бірі күшейтілген ағыс маусымында, ал келесісі қалыпты су ағысы маусымында жүргізіледі.

86. Су басқан, лайланған қазбалар немесе басқа сулы объектілер, сондай-ақ улы және жанғыш газдардың жиналуы ықтимал қазбалары бар қазылатын кен орындарында су мен газдың жарылуы бойынша қауіпті аймақтардың шектері анықталуы тиіс.

87. Қадағалау және су көкжиегімен қиылысатын ұңғымалардан басқа барлық бұрғылау ұңғымалары тығыздалып жабылуы тиіс.

88. Жобада жұмыс қауіпсіздігі және қазбаларды су мен газдың жарылуынан қорғау шаралары, тау-кен қазбаларын, дренаждық және алдыңғы қатардағы ұңғымаларды ұңғылау тәртібі және олардың өлшемдері қарастырылуы; белгіленген тау-кен қазбаларының, ұңғымалар мен маңдайшаның орналасу орындары анықталуы тиіс, сондай-ақ су басқан қазбалардан суды түсіруді, газ режимін сақтауды, тау-кен қазбаларына газдардың ықтимал келуін және су құю құралдарының жай-күйін бақылауды ұйымдастыру көзделуі тиіс.

89. Су өткізбейтін қалқандарды тұрғызу кезінде мынадай талаптар сақталуы тиіс:

жұмыс шахтаның техникалық басшысы бекіткен арнайы жоба бойынша жүргізілуі тиіс;

орнату орнынан екі жағынан кемінде 15 м ұзындықта қалқандар орнатылатын қазбалардың учаскелері жару жұмыстарын қолданбай өткізілуі тиіс;

қалқандарды салғаннан кейін судың қалқанға ең жоғарғы болжалды қысымы кемінде 10 % артық болатын қысыммен жұмыс істейтін байланыстырушы аймақты тығыздау жүргізілуі тиіс;

қалқан су өткізбейтін және тоттануға тұрақты болуы тиіс.

Әрбір су өткізбейтін қалқанда қазба қимасының үстіңгі бөлігінде орналасқан диаметрі 600 мм кем емес кішкене жол болуы тиіс.

90. Егер бір шахта немесе бір кен қазбасында орналасқан шахталардың тобы басқа шахталарға ықтимал су басу немесе газдану қаупін келтірсе, шахта алағының шегінде өлшемі жобамен белгіленетін тосқауыл кентіректері қалдырылуы тиіс.

91. Бұзылу аймақтары, жер бетінің опырылуы және тау-кен қазбаларының әсерінен түзілетін ашық сызаттар нөсер және тасқын суларды бұруды қамтамасыз ететін және олардың тау-кен қазбаларына өтуін болдырмайтын су бұру арналарымен қоршалуы тиіс.

92. Су басқан тік және көлбеу қазбалардан суды тасымалдау кезінде осы қазбалардың желдетілмейтін бөлігіндегі атмосфераның жай-күйін су бетінен жоғары тексеру бойынша шаралар қолданылуы тиіс.

9. Өртке қарсы қауіпсіздікке қойылатын талаптар

93. Жобада пайдалы қазбалардың кен орындарын қазудың барлық технологиялық үдерістерінде және тау-кен шахталық жабдықты пайдалану кезінде ықтимал өрттің алдын алу бойынша, өртті оның дамуының алғашқы сатысында шектеу және сөндіру бойынша ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар көзделуі тиіс.

94. Өздігінен тұтануға бейім кендерді қазу кезінде жобада эндогендік жер асты өрттерінің туындау қауіптілігін болдырмайтын іс-шаралар қарастырылуы тиіс.

95. Жанбайтын материалдармен мыналар:

шойын тоқпақтар мен оқпандардағы, штольнялардағы, шыңыраулардағы шахта үстіндегі ғимараттар, таза ауа келіп түсетін көтергіш машинаның камерасы бар тұйық оқпандардың шойын тоқпақ бөлігі;

барлық тік және көлбеу оқпандардың, штольнялардың және шыңыраулардың сағалары жоғары жақтан кемінде 10 м аралықта;

тік және көлбеу оқпандардың, штольнялар мен шыңыраулардың көкжиек қазбаларымен және оқпан жанындағы алаңдармен әр жағынан кемінде 10 м аралықта түйістіретін жері;

күрделі еңістердің, жүрістердің сағалары және тасымалдайтын және желдеткіш қуақаздары бар еңістердің тоғыстары әр жағынан кемінде 10 м аралықта;

гараждардың, жанар-жағармай материалдары қоймаларының, бөлшектерді жуу бекеттерінің, сондай-ақ оларға кірер жолдардың төбелері мен қабырғалары 25 м аралықта бекітілуі тиіс.

Барлық орынжайлар мен негізгі желдеткіш құрылғылардың және айдау үшін жұмыс істейтін қосалқы желдету құрылғыларының желдеткіш арналары, барлық калорифер арналары және олардың қазбалармен түйісетін жерлері 10 м аралықта бекітілуі тиіс.

96. Таза ауа беретін шахталар мен шыңыраулардың оқпандарының сағаларында металл қақпақтары, ал штольнялардың сағаларында қазу тоғыстарын жеңіл және берік жауып тұратын және жарамды күйде болатын металл есіктері болуы тиіс.

97. Тау-кен қазбаларында өртті жою үшін өртке төзімді материалдардан дайындалған өрт есіктері (қақпақтар) орнатылуы тиіс. Олардың екі жағынан кемінде 5 м ұзындықта жанбайтын бекітпеден жасалған аймақтар құрылады. Өрт есіктері (қақпақтар) қазба қимасын тығыз жаба отырып, бір адамның күшімен жабылуы тиіс. Қазбалардағы көлбеу бұрышы кемінде 35° , сондай-ақ маңызды депрессиялы қазбалардағы өрт есіктерін (қақпақтарды) жабу (ашу) үшін арнайы құралдар (терезелер, тұтқалар, шығырлар) көзделуі тиіс.

98. Өртке қарсы материалдарды, жабдықтар мен құралдарды сақтау үшін өртке қарсы материалдар қоймасы ұйымдастырылуы тиіс.

Қоймалар шахталардың өнеркәсіптік алаңдарында шахта астындағы ғимараттардан, штольнялар мен автокөлік еңістерінің сағасынан кемінде 100 м қашықтықта орналасуы және соңғы рельс жолдарымен немесе автожолдармен байланысуы тиіс.

99. Жер асты қазбаларында өртке және тозанға қарсы күресу үшін біріккен өрт-су сепкіш құбырлар қойылуы тиіс. Өрт-су сепкіш құбырларының желісі тұрақты түрде су тегеурінінде болуы тиіс.

100. Барлық тік және көлбеу оқпандар мен шыңыраулардың сағаларында су сепкіші бар дөңгелек құбыр өткізгіштер орнатылуы тиіс. Дөңгелек құбыр өткізгіштер тік оқпандардың сағаларында жер бетінде тікелей өрт сөндіру өткізгіштерімен қосылады. Дөңгелек құбыр өткізгіштерге су беру ысырмалары өрт кезінде жану өнімдері орналасуы мүмкін орынжайлардан тыс орналастырылады.

101. Мыналарға:

1) шахта үстіндегі ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 100 м қашықтықта ағаш, көмір қоймаларын, жанғыш және өздігінен жанатын жыныстардың және кендердің үйінділерін, сондай-ақ қазандық қождары үйінділерін орналастыруға;

2) ағаш және жанғыш материалдарды жер асты қазбаларына жинақтауға, оларды ластауға және кіру жолдарын орман қалдықтарымен жауып тастауға тыйым салынады. Тау-кен қазбаларында жұмыс орнына тікелей жақын жерде шахтаның техникалық басшысы бекіткен мөлшерде орман материалдарының авариялық қорын жинауға рұқсат беріледі;

3) жер асты қазбаларында оттегі, ацетилен және жанғыш газдары бар баллондарды сақтауға тыйым салынады. Қазбаға әкелінетін оттегі, ацетилен және басқа да жанғыш газдары бар баллондардың саны бір жұмыс ауысымындағы тұтынудан аспауы тиіс.

10. Пайдалы қазбалардың кен орындарын құрама тәсілмен игеру кезінде қауіпсіздікке қойылатын талаптар

102. Кен орындарын ашық және жер асты (бұдан әрі - құрама) тәсілдермен өңдеу кезіндегі қауіпсіздік тәртібі мен шаралары жобада көзделеді.

103. Кен орындарын құрама қазу кезінде мыналар қамтамасыз етілуі тиіс:

1) жыныстар мен жер қабатының сырғу және өзгеру ерекшеліктерін зерделеу және тау-кен қазбаларының ықпал ету салаларын болжау;

2) карьер мен жер асты тау-кен жұмыстары арасындағы сақтандырғыш діңгегінің (табиғи немесе жасанды) көлемін анықтау;

3) өңделген көкжиектің жекелеген учаскелері үстіндегі (камералар) төбелердің қалыңдығын анықтау;

4) тірек діңгектерінің өлшемдерін есептеу;

5) тазаланған көкжиектің төбелерінің ықтимал ашылуын анықтау;

6) тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін карьер беткейіндегі қорларды өңдеу кезінде тиісті толтыру төзімділігін есептеу;

7) өңделген көкжиектің толтырылу толықтығын қамтамасыз ету.

104. Кен орындарын құрама қазу кезінде тау-кен жұмыстарын жүргізу шебі жер асты тазалау жұмыстары кезінде қазындыдан карьерге (тілікке); ашық жұмыстар кезінде жер асты тазалау жұмыстарын дамыту шебіне қарсы бағыттарда орналастырылуы тиіс.

105. Қолайсыз гидрогеологиялық жағдайда су басқан тау-кен қазбалары немесе басқа да су объектілері, сондай-ақ улы және жанғыш газдар жиналуы ықтимал тау-кен қазбалары болған жағдайда кен орындарын құрамдастыра өңдеу кезінде маркшейдерлік және геологиялық қызмет су мен газдың жарылу қаупі бар аймақтардың шекараларын анықтауы тиіс.

106. Су қоймалары астындағы (су басқан карьер) тосқауыл немесе сақтандырғыш діңгек шегіндегі тау-кен жұмыстары су басқан қазбалардан су төгілгеннен кейін немесе оның кен орындарынан тыс жер бетінде орналасқан су қоймаларынан бұрып жіберілгенінен кейін ғана жүргізілуі тиіс.

107. Жұмыс істеп тұрған карьер астындағы жер асты тау-кен жұмыстары өңделген көкжиектерді қолдай отырып, жүйелермен жүргізілуі тиіс. Жоспарда тазалау жұмыстары бөлек-бөлек жүргізілген жағдайда қазындының қолайлы физикалық-механикалық қасиеттерін кенді опырып және аралас жыныстар жүйелерінде қолдануға жол беріледі. Бұл ретте опырылыс ойыңқысының жоғары шығуын қамтамасыз ету міндетті талап болып табылады.

108. Жасанды түрде құрылған сақтандырғыш діңгек жағдайында өңделген көкжиекті толтыра отырып, аралық қабатты (қабатты) камералық немесе қабаттап алуға жол беріледі. Өңделген блоктар үстіндегі қазындының батуын болдырмау үшін жасанды төбе жасалуы тиіс.

109. Карьерде және жер асты кенішінде тау-кен жұмыстары бір мезгілде жүргізілген кезде бір тік жазықта мынадай талаптар сақталуы тиіс:

1) қазынды мен карьер беткейінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін сақтандырғыш кентіректі қалдыру;

2) сақтандырғыш кентірек қазындысының жылжуын (бұзылуын) болдырмайтын өңдеу жүйесін қолдану;

3) жаппай жарылыстардың қуатын және олардың кентірекке, жоғарғы төбеге және беткей кертпесіне сейсмикалық ықпалын шектеу;

4) жарылыс жұмыстарынан газдардың жер асты қазбаларына енуін немесе оларды желдеткіш жүйесінің сіңіруін, сондай-ақ бұл газдардың карьерге шығарылуын болдырмау;

5) жер асты қазбаларын желдетудің айдау тәсілін немесе ауаны ашық жұмыс учаскелері үстінен сүйеуді қамтамасыз ете отырып, желдетудің құрама тәсілін пайдалану;

6) жауын-шашын және жер асты суларының карьерден жер асты қазбаларына бұзып өтуін болдырмау.

110. Кен орындарын құрамдастыра өңдеу кезінде және жер асты қазбаларының карьер кеңістігімен аэродинамикалық байланысы болған жағдайда кеніштерді (шахталарды) желдету схемасы мен тәсілдері ашық жұмыстардың ықпал ету аймағындағы артық депрессияның қалыптасуы есепке ала отырып белгіленеді.

111. Қосалқы айдама желдеткіштер ауаны жер асты қазбаларына айдауды қамтамасыз ете отырып, аэродинамикалық байланыстар аймақтарына барынша жақын болуы тиіс.

112. Карьерде жаппай жару жұмысы алдында адамдар жер асты қазбаларынан шығарылуы тиіс. Кеніш (шахта) жұмысшыларын тау-кен құтқару қызметі қазбаның жағдайын тексергеннен кейін және қалыпты кеніштік атмосфера қайта қалпына келтірілгеннен кейін жер асты қазбаларына жіберуге рұқсат беріледі.

113. Кен орындарын құрамдастыра өңдеу кезінде жыныс қазындысының геомеханикалық жағдайының өзгеруін бағалауды тұрақты жүргізу, тау-кен жұмыстары әсерінен болған бұл өзгерістердің болжамын жасау, бүліну үдерістерінің дамуына бақылау жасау және олардың өлшемдерін реттеу, өзара жағдай, тәртіп, шептің даму жылдамдығы, тау-кен жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы, сондай-ақ тау жыныстары қазындыларының тұрақсыз учаскелерін жасанды бекіту жолдарымен басқару тиіс. Жер асты кеніштерінде (шахталарда) қазынды жағдайының геомеханикалық мониторингі жүйесі құрылуы тиіс.

114. Бұрын жер асты жұмыстары жүргізілген және бос жерлері бар камералар орнатылмаған және тағы басқа аймақтарда, сондай-ақ опырылу аймақтарында ашық тау-кен жұмыстарын өндіру жобаға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

115. Карьер беткейлеріндегі кен қорларын өңдеу ашық жұмыстар тоқтатылғаннан кейін және беткейлер шекті жағдайға келтірілгеннен кейін орындалуы қажет.

116. Ашық және жер асты тау-кен жұмыстары арасында сақтандырғыш кентіректі өңдеуді кентіректің және карьер беткейлерінің құлауын болдырмайтын және жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнайы шаралар бойынша жүзеге асыру қажет.

11. Консервациялау (жою) кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын талаптар

117. Пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты объектілерді консервациялау (жою) жобаға сәйкес жүргізілуі тиіс.

118. Пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты объектілерді консервациялау өндіруді қайта бастау немесе өзге де мақсаттар тиіс болған жағдайда ашылатын және дайындалатын тау-кен қазбаларын, техникалық бұрғылау ұңғымаларын, жер бетіндегі және жер астындағы құрылыстарды пайдалануға жарамды жағдайға келтіру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету шараларын сақтай отырып, тау-кен жұмыстары тоқтатылғаннан кейін жүзеге асырылуы тиіс.

119. Консервациялау (жою) кезінде жүргізілетін іс-шаралар консервацияланған тау-кен қазбаларының зиянды әсер ету аймағы шеңберінде адамдардың қауіпсіз келуін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

12. Техникалық регламентті қолданысқа енгізу мерзімдері мен шарттары

120. Осы Техникалық регламент қолданысқа енгізілген сәттен бастап Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік актілер Техникалық регламентке сәйкес келтіргенге дейін олар Техникалық регламентке қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

121. Осы Техникалық регламенттің талаптарын орындау үшін қолданылатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар және мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде қалыптастырылатын өзге де құжаттар Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен үйлестірілуге жатады.

122. Орталық және жергілікті атқарушы органдар өздерінің нормативтік құқықтық актілерін осы Техникалық регламентке сәйкес келтіруді, сондай-ақ оларды бейімдеп енгізуді қамтамасыз етсін.

123. Осы Техникалық регламент алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.